

## Ғылыми әдептің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қарашада № 35392 болып тіркелді

"Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 177-24) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ғылыми әдептің үлгілік қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрі*

*С. Нурбек*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Су ресурстары және ирригация министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары  
білім министрі  
2024 жылғы 20 қарашадағы  
№ 529 Бұйрықпен  
бекітілген

## **Ғылыми әдептің үлгілік қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы ғылыми әдептің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 177-24) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар қоғамның ғылым мен технологияға деген сенімін қамтамасыз етеді және оның әлеуметтік прогресс пен тұрақты даму мүдделеріндегі рөлін арттырады.

3. Қағидалар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне қолданылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) биоэтика – өмір туралы ғылымның жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт;

2) ғылыми әдеп – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ұстанатын әдеп қағидаттарының, қағидалары мен нормаларының жиынтығы;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

## **2-тарау. Ғылыми әдептің негізгі қағидаттары**

5. Ғылыми әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) шынайылық және адалдық;
- 2) жауапты жоспарлау және зерттеу жүргізу;
- 3) әділдік;
- 4) объективтілік;
- 5) кәсіпқойлық;
- 6) құпиялылық;
- 7) әлеуметтік дербестік;
- 8) қоғаммен қарым-қатынас;
- 9) заңнаманы сақтау;
- 10) ғылыми әдеп саласындағы өзін-өзі жетілдіру.

## **3-тарау. Ғылыми әдептің негізгі нормалары**

6. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері:

1) ғылыми зерттеулерді жоспарлау, орындау және бағалау процесінде ғылыми қоғамдастық сенімсіз деп таныған әдістерді қолданбайды;

2) зерттеу әдіснамасы жазылады және толық, шынайы және объективті түрде ұсынады;

3) зерттеу процесінде қателерді азайтады, оның ішінде оларды қайталау және статистикалық әдістерді қолдану бойынша шаралар қабылдайды;

4) ғылыми зерттеулерді жоспарлау, орындау және бағалау процесінде ғылыми қоғамдастық анық емес деп таныған әдістерді қолданбайды;

5) қателерді және (немесе) белгісіздіктерді ескере отырып, зерттеу нәтижелерін дәл ұсынады, қате түсіндірілуі мүмкін мәлімдемелерді пайдаланбайды;

6) зерттеу барысында, оның ішінде статистикалық әдістерді қайталау және пайдалану арқылы қателерді азайту жөнінде шаралар қабылдайды;

7) мәлімдеме гипотеза, ішінара немесе толық дәлелденген ереже екенін көрсетеді;

8) зерттеу нәтижелерін жариялау үшін сапалы рецензияланған ғылыми басылымдарды таңдайды, қолжазбаларды тиісті рецензиялаусыз қабылдайтын басылымдарға жүгінбейді;

9) рецензиялау процесіне адал қатысады, жұмыстарға сындарлы, объективті және бейтарап баға береді;

10) келтірілген гипотезалардың, идеялардың, мәтіндердің, суреттердің және ғылыми нәтижелердің авторы кім екені түсінікті болатындай түпнұсқа дереккөздерді келтіреді;

11) бұрын орындалған зерттеулерді және жарияланған нәтижелерді жаңа зерттеулер ретінде ұсынбайды;

12) дәйексөздер санын және ғылымиметриялық көрсеткіштерді ұлғайтудың этикалық емес практикасын пайдаланбайды;

13) мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, графиктерді, кодтарды, суреттер мен авторлардың туындыларын авторға және қарыз алу көзіне сілтеме жасамай пайдалануға және беруге, сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды, ойдан шығаруды қоса алғанда, мағынасын өзгертпей сөздер мен өрнектерді синонимдік ауыстыра отырып, авторлардың мәтінін пайдалануға жол бермейді және бұрмалау;

14) өз жарияланымдарында зерттеушілерге және (немесе) қоғамға зиян келтіруі мүмкін қателер анықталған кезде оларды түзету немесе кері қайтарып алу жөнінде шаралар қолданады;

15) қатысушыларға қатысты зерттеулер жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидалары мен әдеп нормаларын сақтайды;

16) биометика жөніндегі комиссияның оң қорытындысы болған кезде биомедициналық зерттеулер жүргізеді;

17) зерттеуге қатысушылардың қауіпсіздігі мен қадір-қасиетін қамтамасыз етеді, олардан ақпараттандырылған келісім алады;

18) шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни нанымына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан әрбір ұлттық мәдениеттің және азаматтардың ерекшеліктеріне, құндылықтары мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайды;

19) авторлықты әділ бөлуді және зерттеуге қатысушылардың үлесін тануды қамтамасыз етеді;

20) әріптестер мен зерттеушілерді кемсітуге және қудалауға жол бермейді;

21) ғылыми зерттеулер жүргізу және деректерді түсіндіру кезінде объективтілік пен бейтараптыққа ұмтылады;

22) жеке мүдделердің зерттеу нәтижелеріне біржақтылығы мен ықпалына жол бермейді;

23) мүдделер қақтығысы болған кезде зерттеуге қатысушылар мен мүдделі тұлғаларды хабардар етеді, сондай-ақ оны реттеу үшін этикалық комиссияға жүгінеді;

24) ғылыми кеңестер, комиссиялар мүшелерінің, сарапшылар мен рецензенттердің объективтілігіне ықпал етуге қабілетті іс-әрекеттерге жол бермейді;

25) зерттеушілерді объективті және негізді түрде сынайды, мұны құрметпен, қорлаусыз және қадір-қасиетін қорлаусыз білдіреді;

26) зерттеу барысында алынған құпия ақпаратты таратпайды;

27) зерттеуге қатысушылардың дербес деректерін олардың келісімінсіз жинамайды және өңдемейді;

28) зерттеу жүргізу кезінде дербес деректерді қорғауды және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын қамтамасыз етеді;

29) қоғамның игілігіне және оның орнықты дамуына ұмтылады;

30) ғылым мен технологияларды, ғылыми әдісті, зерттеу әдістерін танымал етуге және ғылыми білімді таратуға қатысады;

31) қоғамның игілігі үшін ғылым мен технологияларды дамытуға жәрдемдеседі;

32) ғылыми жұмыстарды жоспарлау кезінде қоғамның сұраныстарын ескереді;

33) ғылым және технология мәселелері бойынша жұртшылықпен диалогқа қатысады;

34) Қазақстан Республикасының және зерттеулер жүргізілетін елдердің аумағында заңнамасын сақтайды;

35) өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге және этикалық қағидаттарды дамытуға ұмтылады;

36) күрделі этикалық жағдайларда сындарлы шешімдер табады.

7. Жеке тұлғалар болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері:

1) сынға, өз жұмыстарын сындарлы талқылауға және баламалы көзқарастарға ашық;

2) өз зерттеулерінің қоғам мен қоршаған орта үшін әлеуетті салдарын ұғынады;

3) жұмысты кәсіби құзыреттілікпен, тиімділікпен және нәтижелілікпен орындайды, кәсібиліктің жоғары деңгейіне ұмтылады;

4) өздерінің кәсіби құзыретінің жоғары деңгейін қолдайды, өздерінің білімдері мен дағдыларын жетілдіреді;

5) әріптестеріне сыпайылықпен қарайды, адамгершілік қағидаттарын, адалдықтың, әдептілік пен әділдіктің жоғары стандарттарын ұстанады.

8. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет шеңберіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыратын кезде Қағидаларды ұстанады.